

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ: Мектепалды даярлық «Ақ бұлақ» тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :30.01-03.02. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.01.2023	Сейсенбі 31.01.2023	Сәрсенбі 01.02.2023	Бейсенбі 02.02.2023	Жұма 03.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды денсаулығын бақылау, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау ( <b>Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет</b> )				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ақпан айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу <b>(танымдық, еңбек іс-әрекеттері)</b>  Кітаптарды қарау, назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	«Автобус аялдамасы», «Тройллубус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. <b>(танымдық іс-әрекеттер)</b>  Дидактикалық ойындар	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b> Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)</b>	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауы.  Балалармен жеке жұмыс жүргізу. <b>(танымдық, зерттеу іс-әрекеттері)</b>  Таңдауы бойынша жануарлар бейнеленген ойындармен ойнауы (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше).  Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату Балалармен жеке жұмыс.	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) <b>(танымдық іс-әрекет)</b>  Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс жасау.

				(танымдық іс-әрекет)	
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	Ақпан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b> Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді дамыту. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын пысықтау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асханада кезекшілердің міндеттерін орындау. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғынадейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардан бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру. Техника дегеніміз не? Қандай техниканы қолдана алады? Техника туралы не біледі және не білгісі келеді сұрау және бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша ұйымдастырылған іс әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> «Қызықты құрылымдар» Дидактикалық ойын Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машықтандыру. уа-уа-уа Қандай таза ауа! ау-ау-ау Болсын денің сау!</p> <p><b>Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Менің ұялы телефоным» тақырыбында баланың басқа құрдастарымен әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p><b>Музыка маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Карточкалармен жұмыс. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу. Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Топтағы ойыншықтарды топтастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Музыка маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Техника</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Қонаққа электр ұстасы келеді. Өзінің техникамен жұмыстағы қауіпсіздігі туралы айтып береді. Балалар ересектермен әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p><b>Математика негіздері</b> «Бір» сөзінің мағынасы. 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?»</p>


	<p><b>маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Топтағы әр түрлі ойыншық түрлерінен жиын жасату. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды бақылау.</p>	<p>Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b> Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Ұжымдық композиция. Үйдегі техника құралдары</p>	<p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту</p> <p>Жаңылтпаштар жаттату. Қаһарлы айдаһар Шаһарға келіп, Қаһарланар.</p> <p>Дөп теп, Дөп теп.</p> <p>Ала-ала алашалар, Тамаша олар, Оған кім таласа алар</p> <p><b>Математика негіздері</b> 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>	<p>құралдарының суреттерімен жұмыс жүргізе айтылған сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.</p> <p>Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b> Үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту. Үйде қандай техника құралдарын қолданатынын айтып беруін ұсыну.</p>	<p>сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру. Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ауладағы ойын құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты) дұрыс киінуін бақылау (<b>Қарым-қатынас және еңбек әрекеті, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b>). Серуенге шықанда қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды пысықтау.</p>				

<p><b>Серуен</b></p>	<p>Ауа райын бақылау. Айналырғыштарды алып шығып желдің бағытын анықтау. Құстарға жем беру. Іздерді бақылау. <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»</p> <p>Балалардың қалауы бойынша қарда сурет салу.</p>	<p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы кадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанауды. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналуы үйрету.</p> <p>Қимылды ойын «ұшты ұшты»</p> <p>Қар мен мұздың айырмашылығын бақылау. <b>(танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Қар мен мұз қалай ериді? Картотека №4 <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Көңілді музыкамен сергіту жаттығуларын жасау. (Музыка)</b></p> <p>Қимылды ойын «Қарлы шеңбер»</p>	<p>Өлі және тірі табиғат нысандарын табу. Олардың не үшін олай аталатынын зерттеу. <b>(зерттеу және танымдық іс-әрекет)</b></p> <p><b>Қимылды ойын</b> Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу «Мәрейге кім бұрын жетеді?» жарыс ойынын ойату</p>	<p>Мен қандай техника немесе құрал ойлап табамын тақырыбында әңгімелесу. Құрастыру ойыншықтарынан құрастырып макетін жасату. <b>(зерттеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Еркін ойындар Қимылды ойын «Мысық пен тышқан»</p> <p>Қарда еркін тақырыпта суреттер салу. <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Жүйелі түрде шешіну, шкафтарға бүктеу, қолды жуу. Шешіну кезінде балалардың шкафқа колготки, сырт киімді салу дағдысын пысықтау. Балалардың достарынан көмек сұрауды сыпайы түрде білдіруді үйрету. Сабын ыдысынан сабын алуға, ересектердің көмегімен қолды сабындауға үйрету. Суреттерді қарау: "Балалар қолдарын жуады". Олар бойынша әңгіме. <b>(көркем әрекет, дербес, еңбек әрекеті).</b></p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы</b></p>	<p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану дағдыларын жетілдіру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка қою, әлем ертегілерін оқып беру. <b>(көркем әдебиет)</b></p>				
<p><b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенді қимылдар)</p>				

	<p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.</p> <p>Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге үйрету. <b>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b></p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	<p>Кезекшілердің жұмысын (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын орындауды жетілдіру.</p> <p>Таза және ұқыпты тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Асты тауысып жеуге үйрету.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b></p>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітаптардан техника құралдарымен таныстыру.</p> <p><b>Жұмбақтар жасыру</b></p> <p>Арқырап бұлағы, Гүрілдеп тұрады.</p> <p>Сырты – жаз, іші – қыс,</p> <p>Кеппейді қырауы. (Тоңазытқыш)</p> <p>Жай да үнсіз тұрады, Біреу келсе тез жат деп,</p> <p>Қоңырауын ұрады, Дабыл қағып безектеп. (Телефон)</p> <p>Токқа тисе мұрты ұзын,</p> <p>Табанымен жазық Киімдердің қыртысын, Береді тез жазып. (Үтік)</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Дидактикалық ойын «Сымсыз телефон»</p> <p>Балаларға техника жайында мультфильм көрсету. Балалардан үй тұрмысында қандай техникалар бар екенін сұрау. Осындай техниканың бірі кір жуғыш машинаны мүсіндеудің үлгісін көрсету. Балаларды жеке жұмыс жасауға бөлу.</p> <p><b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Кітапқа қарап сурет мазмұны бойынша тақпақтар жаттату.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп ермексазбен қардан ,мұздан жасалатын мүсінді жасату.</p> <p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер, қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p> <p><b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>Лего құрастыру бөлшектері арқылы техника құралдарын құрастыру, өз бетінше ойдан</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекет жасауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b></p> <p>«Ұр топқақ»ертегісін естеріне түсіру. Үстел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p>	<p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды жапсыруды үйрету.</p> <p><b>(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Жақын адамдарға қалай қамқорлық жасау керектігі туралы сұрау. Суреттер арқылы науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу</p>

	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп техника құралдарының суретін салу немесе мүсінін жасату. <b>(Шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)</b>		құрастыруға баулу <b>(танымдық іс-әрекеті)</b>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Шынғысқа апта күндерін қайталау	Ясинға жыл мезгілдері жайлы дид ойндар мен тапсырмалар беру	Саяжанға жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы сұрақтар беру	Нұрәліге дауысты дауыссыз дыбыстарға байланысты ойындар беру	Торехан 1 ден 10 ға дейінгі цифрларды қайталау
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Қимылды ойын <b>«Соқыр теке»</b>  Балалардың дербес ойындары  Телефоннан көңілді музыка қойып би билеу. <b>(музыка)</b>	Қимылды ойын <b>«Тақия тастамақ»</b>  Балалардың дербес ойындары  Қар бетіндегі іздерді бақылау. <b>(танымдық іс-әрекеті)</b>	«Мен не білемін» ойыны. Бүгін не үйренгенін әр түрлі заттарды пайдаланып айтуды ұйымдастыру. <b>Қимылды ойындар.</b> Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Қимылды ойын <b>«Күш сынаспақ»</b>	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»  Бақша ауласындағы ағаштарды бақылау. <b>(танымдық, еңбек іс-әрекет)</b>  Қимылды ойын «Омпы»	Дидактикалық ойын «Бүгін мен үйрендім»  Қимылды ойын «Атбақыл»
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Ата-аналармен баланың балабақшада не үйренгенін күнделікті сұрап тұруын ескерту. Ата-аналар баланың үйдегі техника құралдарының қызметі туралы не білетінін сұрауды ұсыну. Ертегі ойындарды үйде қайталауды ұсыну.				

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ: Мектепалды даярлық «Ақ бұлақ» тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :06.02-10.02 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.02.2023	Сейсенбі 07.02.2023	Сәрсенбі 08.02.2023	Бейсенбі 09.02.2023	Жұма 10.02.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Комплимент" сәлемдесу Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету. Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады- бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) <b>Балалармен жеке жұмыс.</b> Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. <b>(танымдық іс әрекет)</b>	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. Қазақстанның карталарын қарау. (жануарлар құстар, өсімдіктері бар) <b>(танымдық іс әрекет)</b>	Жеке ойындар (пазлдар, роботехника құралдары, шашка, бестемше). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(танымдық, бейнелеу іс-әрекеті)</b> Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді суреттер арқылы үйрету <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b>	Кітаптарды қарау, балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. <b>(көркем әдебиет)</b> Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үйрету: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. <b>Балалармен жеке жұмыс.</b>	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнату. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b>
Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындау ( <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті</b> ). Музыкалық-ырғақтық қимылдар.				

	Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүруді үйрету.				
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)</b> Өз орнына отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Жақсы балалар бүгінгі күнімізді мейіріммен, қуанышпен бастайық. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бұл мезгілде қандай айлар бар? Жылда неше мезгіл бар? Қыстың айларын атаңдар? Қыстың ерекшеліктерін еске түсірейік? Алда келе жатқан қандай мезгіл? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</b>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Суреттер мен ойыншықтарды сәйкестендіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдануды үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Математика негіздері</b> Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Балаларға қыс бейнесі бар суретті беру, ағаштарды, тауларды қағаздың әр бөлігіне қою арқылы кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру. Тік және көлбеу таяқшаларды</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу «Туған жердей жер болмас туған елдей ел болмас». Тиым сөздер «Желге қарап түкірме» «Бейуақтта жылама» «Оттан аттама»</p> <p><b>Музыка маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> Әңгіме оқып беру. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды дамыту. Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> Терезеге қарап ауа райына байланысты әңгімелесу. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды дамыту. Әртүрлі бағыттағы тігінен,көлденең, қысқа, ұзын сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге үйрету. Жаңа сөздермен таныстыру. Сөйлем құрауға үйрету.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Сиқырлы сандықты ашып ішінен әр түрлі заттарды алып балаларға таратып беру. Балалардан не зат екенін сұрау. Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> «Кім тапқыр?» Балалар шеңбер жасап тұрады. Педагог ортаға бір баланы шақырып құлағына сыбырайды. Ортадағы бала естіген жануарды</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> Бүгінгі күннің ерекшелігі неде? Балалардың жеке пікірлерін тыңдау. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту</p> <p><b>Математика негіздері</b> Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыруға баулу. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Тік және көлбеу таяқшаларды</p>




	<p>дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсінуін дамыту. Үлкен суретті кітаптарды қарату.</p>	<p>сызықтарды жазуға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру, құрастыру</b></p> <p>Балаларға ұлттық ою өрнектер бейнеленген заттарды көрсету. Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасату. Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуды, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруды үйрету.</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты қалыптастыруға баулу.</p> <p>Суретті карточкалармен жұмыс жасату тік және көлбеу таяқшаларды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p>	<p>немесе құстың дыбысын салады. Қалған балалар қандай жануар немесе құс екенін тауып, қимылымен жүреді.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p>Адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін қалыптастыру.</p>	<p>дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Балалардың білетін мақал мәтелдерін естеріне түсіріп қайталату.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.</p> <p>Балалардың ретімен киінуін, ауа-райы жағдайына байланысты жылы киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b></p>				
<b>Серуен</b>	<p>Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуді пысықтау</p>	<p>Балабақшаның ұлттық бұрышына бару.</p> <p>Қазақ халқының табиғи</p>	<p>Балабақша ауласындағы еңбек иелерінің жұмысын бақылау. Бірлесе жұмыс жасату.</p>	<p>Қырау қалай пайда болады? Зерттеу жұмысын қайталау. Картотека №3 <b>(Қарым-қатынас,</b></p>	<p>Аққала жасату. Аққалаларды салыстыру. Оларды сәндеу. <b>(танымдық іс-</b></p>

	<p><b>(танымдық іс әрекеті)</b> Күрекшелермен қар тазалау. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Аулада көрген заттарын қарда таяқпен салу. <b>(бейнелеу іс-әрекеті)</b> Еркін ойындар Қимылды ойын «Әуе таяқ»</p>	<p>материалдардан жасалған ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. <b>(танымдық, зерттеу іс-әрекеті)</b> Қардан киіз үй құрастыру <b>(Зерттеу іс әрекеті)</b> Еркін ойындар Қимылды ойын «Қара құлақ»</p>	<p><b>(зерттеу, танымдық, еңбек іс-әрекеті)</b> Тиым сөздерді мақалдарды естеріне түсіру. <b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті)</b> Еркін ойындар Қимылды ойын «Көтермек» Көңілді әуенге билелеу, ән тыңдау. <b>(музыка)</b></p>	<p><b>танымдық іс-әрекеті)</b> Қарды жануарлардың формаларына салып жасату. Бояумен бояу <b>(Бейнелеу, шығармашылық іс-әрекеті)</b> Еркін ойындар Қимылды ойын «Күш сынаспақ»</p>	<p><b>әрекеті)</b> Қимылды ойын «Аударыспақ»</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекет</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Электронды құрылғыдан ертегі тыңдату.				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға, өруге және жинауға үйрету. ( <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту</b> ) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар</b> ).				
<b>Бесін ас</b>	Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				

<b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</b>					
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітаптарды қарау, «Қу түлкі» ертегісін оқып беру. Рөлдерге бөліп ойнату.</p> <p><b>((Қарым-қатынас танымдық іс-әрекет)</b></p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп түлкі мен жолбарыстың мүсінін жасату. Қағаздан қиып жапсыру.</p> <p><b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді дамыту: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p><b>(еңбек әрекеті)</b></p>	<p>Тәтті қыс Ау, балалар, балалар! Айналаға қараңдар! Биыл тәтті қыс болды, Бұл бір сәтті іс болды. Ақ бұлт бүркеп аспанды, Шекер жауа бастады. Сүтке салсақ, сәл мұздап, Болды қардан балмұздақ. Қамсыз қалмай бекерге, Қарық болып шекерге, Балмұздақты жинаңдар, Достарыңды сыйлаңдар! Көлдің беті – мармелад, Әкел жинап, арбалап... Ақ қанттай жарқырап, Арайланған атырап. Көкжиектен күлімдеп, «Тыныш болсын күнің!» – деп Күн қарап тұр анаша: Бұл қыс қандай тамаша! <i>Ә. Табылды</i></p>	<p>«Қысқы табиғат» тақырыбында ұжымдық жұмыс</p> <p><b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p>Кітаптарды қарау. тәтті қыс тақпағын жаттауды қайталау.</p> <p><b>(Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</b></p>	<p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу ); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды жетілдіру.</p> <p><b>(Танымдық, зерттеу іс әрекет)</b></p> <p>Еркін шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік беру.</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөліп, аққаланың бейнесін салу, мүсінін жасау немесе қағаздан қиып жапсыруына мүмкіндік беру.</p> <p><b>(Шығармашылық іс-әрекет)</b></p> <p>Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау.</p> <p><b>(музыка)</b></p>
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Мерген кім?»</p> <p><b>Мақсаты:</b>- заттарды лақтыруға жаттықтыру;</p> <p><b>Жеке жұмыс:</b> «Ағаш</p>	<p>Раяна түстерді ажырата білуге үйрету.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p>	<p>Айсана құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Құрастыру</b></p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> «Бәйге»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін,</p>	<p><b>Жеке жұмыс:</b> «Ағаш суретін сал»</p> <p><b>Мақсаты:</b> қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.</p>

	суретін сал» <b>Мақсаты:</b> қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.			қызығушылығын дамыту.	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</b>				
<b>Серуен</b>	Бақша ауласындағы қарды күрекшелермен жинату. <b>(еңбек іс-әрекеті)</b> Қимылды ойын «Тымпи» Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Шалма»  Балалардың еркін ойыны  Көңілді әуенге би белеу, ән тыңдау.	Қимылды ойын «Жаңылма»  Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Сақ құлак»  Балалардың еркін ойыны	Қимылды ойын «Жүйріктер жеңеді»  Балалардың еркін ойыны
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Үйде ертегі кітаптарының суретіне қарап, ертегі айтып беруін өтіну, ұсыну. Апта бойы алған әсерлерімен бөлісу, жасалған жұмыстар жайлы балалармен әңгімелесуге кеңес беру				

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.



## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ: Мектепалды даярлық «Ақ бұлақ» тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :13.02-17.02 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.02.2023	Сейсенбі 14.02.2023	Сәрсенбі 15.02.2023	Бейсенбі 16.02.2023	Жұма 17.02.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. <b>(сөйлеуді дамыту).</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.				
